

**100 EGDEN QAZAQSTAN**

## **Фариза апа**

...Қазақтың даңқты қыздарының бірі ақын Фариза Оңғарсынованың өмірден өткеніне бес жылдан асты. Тірі болса, биыл желтоқсан айында 80 жасқа толар еді...



Мерейтойлық датаға орай әр жерлерде Фариза апама арналған һем бағышталған кештер, еске алулар, дүғалы астар өткізіліп жатыр. Жұрттан апамды сағынған көңілдердің лебізі мен аңсаған жүректердің лұпілі аңқиды. Фариза ақын туралы қаншама жан тебірентерлік пікірлер естімін, көлдей мақалаларды оқымын. Түсінгенім, «Фариза кетті, талантты кісі еді, маған мынадай жақсылығы өтіп еді, бәленшеге бүйтіп еді, түгеншеге сүйтіп еді» деп, соншалықты таланттың – поэзия падишасының өмірден өткеніне «иланған» һем өлімін «мойындаған» ниеттердің көптігі... Бірақ менің жүргімде апам әлі менімен бірге, қасымда, күнде дастарқанымда, сөремде, төрімде. Осы уақытқа дейін солай.

...Есімде ғой апамның қайтқан күні... қаңтардың 23-і, ақтүтек боран.... «Жазылып кетеді»... «осы ем курсын алған соң бұрынғысынан жақсарады да, ауруханадан шығып, апам қайтадан қасымызда жүреді» деп ең соңғы күнге дейін ойлаппын. Олай ойламауға себеп те жоқ емес. Ауруханаға барған сайынәдебиет пен өнердің жай-жапсарын әңгіме ететін апам соңғы бір күндерінде ғана «Осыдан аман-есен тұрсам, Астананың төрінде Мендекешке (Сатыбалдиев) арнап қатырып тұрып кеш өткізем» деді. Сөзі нық, даусы ширак. Айтса жасайтынына, ойға алса, іске асыратынына мұлде күмән келтірмеймін. Оған себеп сонау жылдары – Астанада әлі жастар жиналатын оқу орындары мен мәдени ошақтар тапшы уағында, рухани ұйымдар мен қаракөздердің тап бүгінгідей көбейе қоймаған шағында Фариза апай өзі үйітқы болып, Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арнап кеш өткізгенде маңайында болдым. Бірнеше ай бойы Сұлтанмахмұттың кітабын қолына алып, қайта «сүзіп» шықты. Бірде үйіне барсам, диванда кітап оқып отыр,

мен кіргенде көзілдірігінің астынан «келдің бе?» деп, бір қарады да, «Ал, не жаңалығың бар?» деп ықыласын маған аударды. Амандық-саулық сұрасып, әртүрлі әңгімелерден соң, апамның көңіл күйінің «орнында» екенін түсіндім. Тіпті, апамның ақын көңілінің қанаттанып тұрғанын байқадым. Оған Сұлтанмахмұт өлеңдерінің қатты әсер еткенін де ұқтыйм. Шай бөлмеге өтіп бара жатып кенет апам: «...Кесені қолыма алып қарай бердім. Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп»... Сүмдық қой!» деді. Сұлтанмахмұттың «Бір адамғасын» айттып, тамсанып, риза болып келе жатыр. Сол шайдың үстінде Сұлтанмахмұтқа арналған кештің сценарийі, сөйленетін сөз, айттылатын ой, оқылатын өлең... барлығы талқыланды. Апамның сіңлісі Элеонора екеумізге дастарқан мәзірін тапсырды. Сонда Элеонора екеуміз 4-5 асташ апамның соғымынан арнайы сыбаға-жіліктерімен асып апарғанымыз, оны тарту ретінен шатасып, апамнан «сөгіс» алғанымыз барды. Торайғыров кешін Фариза апам өзі жүргізді. Сол кеште Астанадағы «мен зиялдының» тайлыш-таяғы қалмай қатысып, Сұлтанмахмұттың рухы бір шалқыған құн болды. Сол кештен кейін осы елордада Сұлтанмахмұттың есімін айтқан бір мұсылман көргенім жоқ...

Елорда демекші, астаналық болғанымызға да жиырма жылдай уақыт өтті. Сол уақытымның 11 жылдан астамын Фариза апаммен бірге өткізіппін. Апам дүниеден озғалы қаншама жүрт ықыласы естілді. Бірі сағынған, бірі күрсінген, бірі жоқтаған... Арнайы «естелік» кітабы да жарыққа шықты. Жүртшылық «соңғы кезде қасында көп жүрген Елена еді, не дер екен, не жазар екен?» деп күткені де рас. Апам қайтқан сөттен бастап менің телефоныма дамыл жоқ, телеарналар: «Фариза апайдың қайтқанына орай жедел хабар түсіріп жатырмыз, келіп сөйленізші» дейді. «Фариза апам менің анамдай ғой, анам оң жақта жатқанда, бетімді бояп алып, теледидарда «олай еді, бұлай еді» деп сөйлеп тұрғаным қалай?» деймін. Олай етуге дәтім де бармады. Қунде өзіммен бірге жүретін Фариза апам туралы «естелік» жазуға да санам мен жүрегімді көндіре алмадым. Тек апам қайтқалы өткізген кештерім мен концерттерімде сахнадан рухымен сырласып келемін. Концерт демекші, Фариза апам менің елордадағы ең алғашқы кешімнен бастап, өмірінің соңғы қуніне дейін қолдап, демеп өтті. 2002 жылы Қызылордаға «сыймай», анығы «сыйдырмай», Астанаға келген кезімнен бастап, анамдай қамқорлады. Алғаш келгенінде «тікелей бастығың кім?» деп сұрады. «Менжамал Әлсейітова деген кісі» деймін. Апам: «А, кәдімгі Менжамал ма? Ол өзімнің Менжамалым ғой, дұрыс адам» деді. Менжамалмен де апамның арқасында туыстай араласып, әлі қунге іргеміз алыстаған жоқ. Енді құрылған елордаға келгенімде есігін ашып күтіп отырған көкеміз жоқ, төрт жыл бір оқу орнының жатақханасында тұрдым. Оны да сол кездегі Білім және ғылым вице-министрі Күләш Шәмшидинова алып берген. Жатақхананың жағдайы белгілі, ыстық су, асханағы жоқ, тым ескі. Фариза апам Парламентте депутат. Құн сайын жұмыс аяғына қарай қонырау шалып: «Есіктің алдында көлік күтіп тұр, шық» дейді де, қоя салады. Апам айтқан соң, апыл-ғұптыл жүгіре түссем, қызметтік көлігімен шопыры Құрман аға күтіп тұрады. Кейде көліктің артында апам өзі отырады да, мен мінер-мінбестен кеттік дейді.

Көлік қайқаң ете қалып, заулай жөнеледі. Апам «Тыныштық па, не жаңалық?» дейді, оған менің жауабымнан соң үнсіздік орнайды. Қайда, неге бара жатқанымызды мен сұрамаймын, ол кісі айтпайды. Діттеген жерге жеткеннен соң, бір мейрамханаға, болмаса бір сарайға кіреміз. Фариза апайды қауқылдай қоршап, жапырлай амандақан жұрттан сәл ығысып, кейін шегінемін. Апам артына жалт қарайды да, «Қайда қалдың? Бері жүр», деп қасына тартады. Қаумалаған жұртқа «Сендер мына Ленаны танисындар ма?» дейді. Олар болса маған қарап, танымаса да «А, танимыз! Әрине!» деп шуласады. «Жоқ, танымаймыз» десе, апамнан «Осы сендер неге талантты жастарды білмейсіндер?» деген «таяқты жейтіндерін» біледі. Апамның тұтқылдан іletін мінезі мен жұрттың «шарасыздықтан» туған өтіріктеріне менің әбден айызым қанады. Көп болса 2-3 тост отырамыз, кімнің тойы еkenін енді түсініп келе жатқанымда, «мен қайттым, сен неғыласың?» дейді апам, «мен де» деймін.

Кейде апамның үйіне қонып, таңертен жұмысқа депутаттың қолігімен жетемін. Әдетте, қоліктердің барлығы басқы кіреберіске жақындей алмайды, тек депутаттар мен министрлердің қоліктеріне ғана рұқсат етілген. Фариза апамның айрықша нөмірлі қолігі қайқайып министрлік алдына келіп, мені мінгізіп, не түсіріп кетіп бара жатқаны әріптестерімнің біразының көзіне «күйік» болып, сыпсың әңгіме тарағаны бар. Бірде жатақханамнан жаяулатып, борандатып жетем дегенше жұмысқа кешігіп қалдым. Ентіге беттеп, лифтінің тетігін басып, ішке енсем, лифтіде министрім Шәмшә Қөбайқызы Беркімбаева тұр еken (ол кезде министрлер, әкімдер жұртпен аз да болса тен өмір сүретін). Мені тани кетіп, амандастып, хал-жағдайымды сұрап жатыр. Басқан нүктеме жеткен соң, жылды қоштасып түсे бастағаным сол еді, тап алдыннан өзімнің қызмет ететін департамент басшысы шыға келмесі бар ма? Көп уақыт өтпей, бастығым шақырып алыш, сөге бастады: «Вы кто такая? С опозданием приходите на работу, еще с министром в одном лифте. Как Вам не стыдно? Понимаете! Где субординация?...». Боранның салдарынан кешіккенімді, министрдің лифтіде тұрғанын білмей қалғанымды, тіпті министрмен бірге жай қызметкер лифтіге қатар отырмасын деген заң жоқ еkenін айтып түсіндіріп жатырмын, бастығым түсінгісі келмейді. Сөз ләмінен байқағаным, менің кеңселік тәртіпке бағына бермейтінім, бастық көрсе, құйрығын бұтына қыса жылмандақ кететін ұры ит секілді өзгерे қоймайтыным, депутаттың қолігімен «шалқайып» жүретінім ол кісіге «ауыр» тиіп жүрген сияқты. Менің де шыдамым таусылды. «Мынадай жерде жұмыс істемеймін» деп есігін тарс жауып шығып кеттім. Кабинеттен сөмкемді алыш, шыға бергенім сол еді, ұялы телефоным шыр етті. Фариза апам! Күннің суықтығын айтып, тоңып қалмадым ба, не жаңалығым барын сұрап жатыр. «Жаңалығым – жұмыстан кеттім» дедім. Апам «Не болды?» деп аң-таң. Болған жағдайды айтып едім, зілді мырс етті. Сол күні жұмысқа бармадым. Ертесіне де бармай, Астананы аралап жүрсем, кеше мені иттей етіп жіберген департамент басшысы телефон соғады: дауыс ырғағы өзгерген, пұшайман болып тұр. «Пожалуйста, приходите» деп жалынады. Не де болса, Фариза апамнан дұмпудің жеткенін және осал тимегінін сездім. Шынында солай

былып шығыпты. Менің жағдайымды айтып министр Шәмшә Көпбайқызы Беркімбаеваға телефон соғыпты. «Анау, директорсымағың сенімен бірге лифтіге неге мінесің деп ұрсатын көрінеді? Бұл не деген ақымақтық? Баяғыда Мұқағалиді да өстіп өлтіріп еді қазақ, ол сендердің ондай кеңселік «тәртіптеріңе» көне алмайды», депті. Фариза апам өмірінде қатты құрметтеген, «Қыз ғұмыр» атты өлеңін арнап аялаған еліміздің қайраткер қыздарының бірегейі Шәмшә Көпбайқызы апама: «Министрмен бірге лифтіге мінбесін деген тәртіп жоқ, адамның бәрі бірдей ғой, апай. Кеңсе қызметкерлерінің кейде осындағы бар...» деп ақталған көрінеді. Айтса айтқандай, бірнеше рет қоңыраудан кейін бастығыма барып, түсінісп, қайта жұмысқа кірісп қеттім.

Осылай күнде жұмыстан шығып, не тойға, не кешке, болмаса апам: «Жатақханадасың ғой, етті сағынған шығарсың, үйге жүр» деп алып кетеді. Екеуден екеу бір табақ етті алып, ән-жырымызды айтып, сырласып отырамыз.... Сондай сырласудың бірінде Астанада кеш өткізгім қелетінін айттым. Апам: «Дұрыс, ел-жұртқа Астанаға келгенінді білдіруің керек» деп қолдау көрсетіп, ертесіне жұмыс кабинетінде отырып, Республикалық Кеден комитетінің басшысы Бердібек Сапарбаевқа телефон шалды. «Бердібекжан, сен өзің Қызылордада әкім болғаныңда облысыңың өнерпаздарын Алматы мен Астанаға алып келіп, жарқыратып көрсетіп едің, Еленаны білесің ғой» деді. Бердібек аға ар жағынан мақұлдан жатқан болуы керек, «Сол қарындастың қазір Астанада, ел-жұртқа елордаға келгенін білдіріп, бір кеш жасағысы келеді» деді. Тұтқаның ар жағы көп сөйлеген жоқ, апам тұтқаны қойып жатып: «Шешілді, ертең ағана бар», деді. Ертесіне Бердібек аға: «Елена, Фариза апай айтқасын ғана деп ойлап қалма, сенің өнерінді құрметтейтін екі адам болса бірі – мен, жалғыз адам болса, сол – менмін» деп одан сайын марқайтты. Астананың алғашқы қалыптаспаған қындау жағдайына, мәдени мүмкіндіктеріне қарамастан, кеш Конгресс Холлда сол кездегі өлшеммен жоғары деңгейде өтті. Оны кеш соңында жарты сағат сөз сөйлеген Эбіш ағаның «Мынау Астананың ақтүтек боранында Фаризаның мінезінен саңылау тауып, осындағы іске мұрындық болдырған сен мықтысын» деп қағыта сөйлеп, жұртты құлдіріп, атап көрсеткені әлі есімде. Бұл 2004 жыл болатын...

Араға оншақты жыл салып 2011 жылы анам өмірден озып, өмірімде үлкен өзгеріс болды. Фариза апамның қамқорлығы мен адамгершілігін сол кезде сезіндім. Анаммен бірнеше рет дастарқандас болғаны бар, сонау 1992 жылы Қызылордаға келген сапарында үйде болып, папамның да көзін көргені бар, арнайы «көңіл асын» беріп, Құран бағыштады. Сол уақытта Фариза апамның да ауырып, Германиядан алғашқы отасын жасатып келген уақыты еді. Жаман ауру күннен-күнге дендеп бара жатқанын түсінсем де, Фариза апамның болмысына қарап дәм-тұзы таусылып бара жатыр деп ойлай алмадым. Ауруханада жатып та, химиясын алғаннан кейін бірауық шақырған шараларға қатысып, сөз сөйлеп, жастарға қолдау көрсетуді бір сәт те тоқтатқан жоқ. Менің анам қайтқаннан кейін, көңілімнің түсіп жүргенін көріп: «Көптен бері үндемей қалдың, сенің де анау Роза, Мақпалдар секілді

өз үнінді көрсететін уақытың келген жоқ па?» деп, кежегеміз кейін тартып, үмітіміз үзіле бастағанда алға қарай сілтеген сөзі әлі жадымда. Өзі жаман аурудың 4-стадиясында жүріп, өкпесін сүйретіп «Алтын қыран» қорының Президенті, белгілі өнер мен әдебиеттің жанашыры Исламбек Салжановқа мені өз қолымен апарып таныстырып, алдағы концертіме демеуші болуды тапсыру үшін тек Фариза болып туу керек шығар! Қазіргі замандағы биліктегілердің он екі мүшесі саяу, бәленбай шетелдің дардай окунының дипломын егеленіп, 5-6 тілді игергенімен, біреудің таланты түгілі, қалталарына пайда түспесе ештеңеге селт етпейтінін көргенде ыздан жарыла жаздайсын!

Фариза апам әрбір араласқан адамымен тұрақты болуға тырысатын. Қайсыбір өнерге келген жастың қайдан шыққаны, ата-анасының кім екені, жағдайы қалай екені апамның назарынан тыс қалмайды. Ең алдымен сол адамның бүтінделмей тұрған жері болса, бүтіндеуге, құралмай тұрғанын құрасуға, болмай жатқанын болдыруға ұмтылады. Барлық жан жүргегімен еліміздің тұқпір-тұқпірінде жүрген талант көрсе, соны бауырына тартады. Іздейді, сұрайды, тапсырады. Қазір әлем мейірімді ананың символы деп мать Терезаны әулие тұтады. Соңғы кезде ол кісінің де (қара жер хабар бермесін) әртүрлі даулы әрекеттері баспасөз беттерінде жариялана бастады. Тіпті, мать Терезаны айтпай-ақ, туған балаларынан безініп, тастап кетіп жүрген көкек әке мен аналардың көбейіп кеткені біздің қоғамды алаңдатып отырғанда, ағасының тоғызы баласын өз баласында тәрбиелеп, асырап-баққан Фариза апамның кеңдігі мен адамгершілігіне тең келетін тұлғаны көргенім жоқ. Бұл биіктік пен парасат біздің қазақ қыздарына ғана тән болса керек! Ұлы адамның тәрбиесін алған балаларының да апам қайтқалы жарғақ құлақтары жастыққа тимей, апамның барлық шаруаларына бас-көз болып, Фариза апамның қалдырған өнегесін лайықты жалғап келе жатқанына сүйсінемін.

Сонау жылы Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов Атырау облысының әкімі болып тұрғанда Фариза апамның 60 жылдық мерейтойы өтті. Шераға – Шерхан Мұртаза бастаған жиында Алтынбек Сәрсенбаев, Нұрлан Балғымбаев, Заманбек Нұрқаділовтердің қатысқаны қандай сәнді-салтанатты еді?! Облыс әкімі апама қөлік мінгізді. Той соңында Фариза апам барлық атсалысқан азаматтардың басын қосып, дастарқан жайып, қызметтеріне рахметін айттып, құрмет көрсетті, мінген қөлігін «Соңымнан еріп келе жатқан талантты қыз, аулыңа жаяу қайтпа» деп маған мінгізді. Жүрт разы болды. Иманғали Нұрғалиұлы «Жігіттер, мына қөлікке жоғары білімі бар шопыр табындар, қөлігіміз Атырауға қайтып келсін» деп қалжыннады. Апамның ер-азаматтардан артық осындағы кеңдігі мен биік парасатын көре алмайтындар да көп болды. Біреулер «Фариза облыс мінгізген қөлігін менсінбей, Еленаға бере салыпты» десе, біздің қызылордалықтар, «Елена барып, Фаризаның қөлігін сатып алып, «мінгізді» деп айттып жүр» деп күнкілдеді. Фариза апам адамдардың бойындағы көреалмаушылықты, талантты бағаламаушылықты, әйелдерді, қыздарды төмендетуді, аз қазактың руга, жүзге, жерге бөлінгенін қатты жек көрді. Менің алғаш кешімді бастан-аяқ өткізген Бердібек ағаның ісіне разы болып,

«Жалпы, анау руласым, мынау туысым деп бөліну – сандырақ. Азаматтық, адамдық деген ешқашан руга, жерге бөлінбейді» дейтін.

Жалпы, өмірде Фариза апамның сырлас ең жақын екі құрбысы болды. Оның бірі – Өскеменде тұратын білім саласының қайраткері Жәзира Ақатайқызы, екіншісі – мемлекет және қоғам қайраткері Ғайниген Айдарханқызы Бибатырова. Фариза апам «Ертең мен өлгесін, менің дүшпандарым менен ала алмаған ақысын сенен алады. Сені тірідей жейді» деп ескеptіп кетіп еді, осы күні сол сөздің дөп айтылғаны күнде дәлелденіп жүр.

Депутаттық мерзімі аяқталған соң да, апам қарап отырған жоқ. Әрбір өсіп келе жатқан талантты жасқа мейірімін төге алды. Менің және Азамат Есалы, Бауыржан Қарағыз сияқты жас ақындардың Астанадан пәтер алуына тікелей септігі тиді. Апама көптеген шағым айта келген қарапайым жүрттың баласын бақшаға орналастыру, оқуға түсіру, жұмысқа тұрғызу, тіпті ауыр қылмыс жасап істі болған жастардың түрмеден шығуына да ықпал еткеніне өзім қуәмін. Фариза апам барда Астанада шығармашылық жастардың «Шабыт» фестивалі өтетін еді де, әр аймақтағы талантты жастардың басы қосылып, мәре-сәре болатын. Соңғы кезде аталған фестивальдан «Әдебиет» номинациясын алып тастағанынан-ақ апамның орны ойсырап тұрғанын көремін.

Ақмола астана болғалы әр қыырдан талантты көптеген жастың солай қарай ағылған кезі. Жаңа астанада әдеби орта қалыптастып үлгерменең шақ. Жастардың барлығы апайды айналышықтайды. Талай жақсы, жас қыз-жігіттердің ішінде Фариза апам мені, жүртқа сүйкімді көрінетін анау айтқан «жібектей» мінезім мен «жіптіктей» құлқым болмаса да, айрықша жақын тұтты. Менің азғантай талантымды бағалағаны болар. Кейде сөйлесіп отырғанда менен «Осы сен бәленшеші танисың ба?» деп жоғарыда отырған бір лауазымды кісі туралы сұрайды. «Соны қандай адам деп ойлайсың?» дейді. Мен өз пайымымды айтсам, кейде шегі қатып күледі, бірде үндемей ойланып қалады. Апам неге менен біреулер туралы пікірімді сұрайды деп ойлайтынмын. Қазір сол кезде апамның әрбір ел басқарған адамдардың сапасына, деңгейіне өзінше баға беретінін, оны тануға, түсінуге үмтүлатынын түсініп жүрмін. Сонда менің пікірім арқылы – деңгейімді танығысы келіп және өзінің пайымына нақтылық іздейтінін осы күні сезінемін. Фариза апамдай адамды танып, бағалай білетін көрегендікті ешкімнен көргенім жоқ. Бүгінде ел басқарып жүрген есті деген ағаларымыздың өзі сыртымыздан айттылған өсек сөзге еріп, қарадай қыйтиып, сәлемге жарамай қалғанын көргенде, ешкімнің сөзіне ермейтін, әділдікті қақ жарып, құдайшылығын айтатын Фариза апамды жоқтаған кеудем ұли жөнеледі...

Бірде дастарқан басында халқымыздың әйгілі әншісі Роза Бағланова туралы әңгіме болды. Фариза апай онша мән бере қойған жоқ. Кейбір замандастары Роза Тәжібайқызының сахнадағы еркелігін, болмысын келеке ететінін естіп жүретін едік. Әдеттегідей, «Бағланова туралы не ойлайсың?» деді. Мен жастайымнан Роза Тәжібайқызын пір тұтып, әншілігіне тамсанып

келе жатқанымнан бұрын, оның кешегі Желтоқсан оқиғасында билік мінберінде емес, аландағы жастардың ортасына барып, әрбір қыз-жігіттің қолынан ұстап, жылап тұрып: «Айналайын, үйіңе қайт. Қазір сендерді мыналар қырып таставды ғой, аналарың аңырап қалады ғой» деп шап-шағын бойымен жанұшыра жалынып, еніреп жүргенін көзімен көргендерден естігенімді айттып, Роза апайды Ұлken адам деп бағалайтынымды жеткіздім. Апам: «Әбіш те осыны айттып еді» деді де, үндемей қалды. Арада бір-екі ай өткен соң, бір күні Фариза апам: «Мен жалпы, кісіге көзқарасымды өзгерпейтін едім, бірақ сен менің Роза Бағлановаға көзқарасым мен пікірімді 180 градусқа өзгертуің. Откендеңіден бері сенің сөздерінді ойланып жүрдім. Роза апай шынында Ұлы адам екен» деді. Бұл апамның әбден көзі жетпей, көңілі иланбайтын, нақты дәлел болмаса, «қашқанға да, қуғанға да серік» күнде көріп жүрген аумалы-төкпелі бисымақтардай емес, адам құнын ақылмен пайымдайтын салиқалы жан екендігінің бір белгісі еді...

Фариза апамның «Аяғыңа жыртық туфли киіп жүрсөң де, халықтың сөзін сөйлеп жүріңдер» деген сөзі санамда жатталып қалды. Өз халқын осылай сүйген ақынның болмысы мен шығармашылығына халықтың да маҳаббаты артпаса, кеміген емес және Фариза апа алыстаған сайын ол маҳаббат ғасырлардан ғасырларға жалғасып, күшіне түсетініне сенемін.

Фариза апаммен әрбір өткізген уақытым қалған өмірімнің компасына айналғандай. Кейде бір шаруаларды «қалай етсем екен?» деп ойлай қалсам, көз алдыма Фариза апамның бейнесі орнай кетеді. Онымен іштей ақылдасам, мақұлдасам... Соңғы күндерінде қоғамдағы келенсіздіктерге қатты аландады. «Біздің осы уақытқа дейін айттып, жазып жүргеніміздің бәрі «теріс» болып шықты ғой, енбегіміздің бәрі зая кетті» деп, қоғамда арсыздықтың көбейіп, адамшылықтың төмендеп кеткеніне күйінетін. Әсіресе талантты жоқ, бір өлермендердің шын таланттарды басып-жаншып төрге ұмтылғанын қабылдай алмады. Кейде мен: «Апа, қайтесіз, өмір деген қып-қысқа дүние, оларды да Құдай жаратты ғой» десем, «Сен «кеширу» керек дейсің, өмірде кешірілмейтін дүниелер болады» деп бір-ақ кесетін. Апам қайтқанда белгілі журналист Серік Аббас-Шах «Фаризалардың дәуірі бітіп, Гогалардың дәурені басталды» деп жазып еді әлеуметтік желіде. Осы күні «кеширілмейтін жағдайларды» жиі көріп, күнде «жеңіліп», сәт сайын «өліп» жүрміз.

...21 қаңтар. Тұс әлетінде ауруханаға соқтым. Төсегінде түрлі газет-журналдар. Көзілдірігін киіп алып, әдеттегідей кроссворд шешіп, қағазға телміріп жатыр. Ұзақ отырмадым. Тұнде апамды тұсімде көргенімді айттым. Апам бір жылы жымынып қарады да, үнсіз қалды. Әшейінде өзі «бұғін не тұс көрдің?» деп сұрайтын. Мен кейде тұс көріп, оны болжап, соларым дұрыс келип отыратынын білетін. Бір-екі күнде шығатынын айтты. Есіктен шығып бара жатып, артыма қайта бұрылып қарадым. Апамның ауру әбден шаршатқан көзімен қыла да қимай қарағанын көрдім. Жүрегім солқ етті... Сол қараған жанары әлі көз алдынан кетер емес...

Елена ЭДІХАЛЫҚОВА